

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі органдарының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрімен бекітілген 1996 жылғы 27 қараша. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1996 жылғы 28 қарашада тіркелді. Тіркеу N 223. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің 1998.02.06. N 129 ~V980478 бұйрығымен.

I. Жалпы ережелер

1. Осы ереже Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің және оның аумақтық органдарының құрылатын, қайта құрылатын және таратылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу республика аумағында орналасқан олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу жөніндегі қызметін реттейді.

2. Әділет органдары жүзеге асыратын мемлекеттік тіркеу субъектілерге заңды тұлға мәртебесін беру жолы болып табылады. Субъектінің заңды тұлға мәртебесін иеленуінің ресми дәлелдемесі әділет органдары беретін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болып табылады.

Тіркелмеген заңды тұлға, оның филиалы және өкілдігі қызметіне тыйым салынады. Тіркелмеген қызметтен түскен кірістер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бюджет кірісіне алынады.

3. Тіркеу кезінде заңды тұлға құрудың, филиал немесе өкілдік ашудың орындылығы жөніндегі мәселелер назарға алынбайды, оның өндірістік-шаруашылық және қаржылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру және араласу мақсаты көзделмейді.

4. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және республика аумағындағы олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу;

- заңды тұлғаның, филиалдың немесе өкілдіктің құрылу, қайта құрылу және таратылу фактісін куәландыру;

- құрылған, қайта құрылған және таратылған заңды тұлғаларды, филиалдарды және өкілдіктерді есепке алу, сондай-ақ олардың мемлекеттік тізбесін жүргізу;

- заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің құрылтай құжаттарының республика заңдарына сәйкес келуі;

- заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпаратты (қызметтік немесе коммерциялық құпияға кіретін ақпаратты қоспағанда) шарт негіздерінде сату мақсаттарында жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және оның аумақтық

органдары заңды тұлғалардың тізбесін жүргізеді, онда құрылған, қайта құрылған және таратылған заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер болады.

Заңды тұлғалар тізбесінде бірыңғай әдістемелік және бағдарлама-технологиялық принциптерге негізделген бірыңғай мағлұматтар банкі болады. Мағлұматтардың бірыңғай банкіні құруды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі оның аумақтық органдарынан алынатын құрылған, қайта құрылған және таратылған заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы мағлұматтар негізінде жүзеге асырады. Аумақтық мағлұматтар банкіні әділет министрлігінің жергілікті жерлердегі органдары құрады.

6. Мемлекеттік статистика органдары тіркеуші органдардың хабарламалары негізінде мемлекеттік тіркеу мағлұматтарын және заңды тұлға, оның филиалы мен өкілдігі туралы басқа қажетті мәліметтерді бірыңғай мемлекеттік тізбеге оларға жүйелік-есептік код тағайындап енгізеді.

7. Осы ереже:

- 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) (1996 ж. 1 қарашадағы жағдай бойынша енгізілген өзгертулерімен және толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 17 сәуірдегі "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" U952198_ заң күші бар жарлығы (1996 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы "Шетелдік инвестициялар туралы" Z949000_ заңы (1996 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы "Дінге сену бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Z924000_ заңы (1996 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 2 мамырдағы "Шаруашылық серіктестіктер туралы" U952255_ заң күші бар жарлығы (1996 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша енгізілген өзгертулерімен және толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" U952335_ заң күші бар жарлығы;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 5 қазандағы "Өндірістік кооператив туралы" Z952486_ жарлығы;

- Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Z960003_ заңы;

- Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 2 шілдедегі "Саяси партиялар

туралы" Z960016_ заңы;

- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 27 сәуірдегі нөмірі 564 P950564_ "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (жалпы бөлімі) күшіне енгізу туралы", "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы нөмірі 269 қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысы;

- басқа заң және заңға тәуелді актілер негізінде дайындалды.

II. Тіркеу алымы

8. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі нөмірі 2235 "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235_ жарлығына сәйкес (1996 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша енгізілген өзгертулері мен және толықтыруларымен) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін Республика Үкіметі белгілеген тәртіпте және мөлшерде алым алынады.

Заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) нормаларына сәйкес келтіруге байланысты тіркелген және қайта тіркелген кезде олар тіркеу алымын төлеуден босатылады.

III. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу тәртібі

9. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу құрылатын заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкестігін тексеруден, оларға тіркеу нөмірін тағайындап мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беруден, заңды тұлғалар туралы мағлұматтарды бірыңғай мемлекеттік тізбеге енгізуден тұрады.

10. Олардың құрылу мақсаттарына, олардың қызметінің тегі мен сипатына, қатысушылар құрамына қарамастан, республика аумағында құрылатын барлық заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуге жатады.

11. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу төмендегі тәртіп бойынша жасалады:

11.1. Тіркеуші органға ұйымдастырушы немесе оның өкілі тапсырады:

- қоса беріліп отырған үлгідегі (нөмірі 1 қосымшаны қараңыз) тіркеу туралы өтініш;

- белгіленген тәртіпте куәландырылған құрылтай және заңды тұлғаны тіркеу үшін қажетті басқа құжаттар пакеті (құжаттар тізбесі нөмірі 2 қосымшада көрсетілген);

- тіркеу үшін алымның төленгендігі туралы квитанция немесе төлем

тапсырмасының көшірмесін береді.

11.2. Жоғарыда аталған құжаттар берілген соң, тіркеуші орган мыналарды тексеруге міндетті:

- ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын;
- құжаттардың дұрыс жасалғандығын;
- заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкестігін;

Кемшіліктер болмаған жағдайда тіркеуші орган статистикалық карточка алу үшін мемлекеттік статистика органына жолдама береді (нөмірі 3 қосымшаны қараңыз).

11.3. Субъект тіркеуші органға заңды тұлғалардың мемлекеттік тізбесінің тағайындалған жүйелік-есептік кодтары бар статистикалық карточка беруге міндетті. Статистика органы тіркеуші орган берген жолдаманы субъект ұсынған сәттен бастап 7 күннен кешіктірмей екі данада статистикалық карточка береді. Статистикалық карточка ресімделген кезеңде тіркеу мерзімі үзіледі.

11.4. Статистикалық карточка берілген соң тіркеуші орган оның дұрыс ресімделгенін тексеріп:

- құрылтай құжаттар заңдарға сәйкес болған жағдайда заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрық шығаруға (бұйрықты тіркеу қызметінің заңды тұлға құжаттарын қараған маманы екі данада дайындайды және осы маманның, сондай-ақ тіркеу бөлімінің бастығының не оның орынбасарының қолы қойылады, осыдан соң әділет органының бастығына немесе оның орынбасарына қол қоюға беріледі);

- тізбеге заңды тұлғалар туралы мағлұматтарды енгізуге;
- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беруге (нөмірі 4,5 қосымшаларды қараңыз);
- 10 күн ішінде мемлекеттік статистика органдарына жасалған мемлекеттік тіркеу туралы хабарлауға (нөмірі 6 қосымшаны қараңыз);

- құрылтайшы немесе оның өкілі тіркеуші органға берген, құжаттардың бір-бір данасы бар істі ресімдеуге міндетті. Іс ресімделген соң құрылтай құжаттардың түпнұсқалары құрылтайшыға немесе оның өкіліне қайтарылады.

12. Аумақтық әділет органы ай сайын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің заңды тұлғаларды тіркеу Бас басқармасына қатаң тізбе нысанында тіркелген, қайта тіркелген және таратылған заңды тұлғалар тізбесін жіберіп отыруға міндетті.

IV. Заңды тұлға филиалын немесе өкілдігін есептік тіркеу тәртібі

13. Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлға құқықтарын алмай есептік тіркеуге жатады. Оларға оларды құрған заңды тұлға мүлкі беріледі және олар бекіткен ережелер негізінде қызмет етеді.

Заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелердің республика заңдарына сәйкестігін тексеруден, оларға тіркеу нөмірін тағайындап оларға есептік тіркеу туралы куәлік беруден, филиалдар мен өкілдіктері туралы мағлұматтарды бірыңғай мемлекеттік тізбеге енгізуден тұрады.

Заңды тұлға филиалы (өкілдігі) туралы Ережеде мыналар айқындалады: филиалдың (өкілдіктің) атауы және орналасқан жері; филиалды (өкілдікті) құрған заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері; филиалдың (өкілдіктің) қызмет ету мерзімдері; филиалдың (өкілдіктің) мақсаты және өкілеттіктері; филиалды (өкілдікті) басқару; филиал (өкілдік) қызметінің тоқтатылу шарттары;

Филиал (өкілдік) туралы ережені заңды тұлғаның өкілетті органы бекітеді, заңды тұлғаның мөрі және оның басшысының қолы қойылады.

14. Заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу келесі тәртіпте жүргізіледі:

14.1. Заңды тұлға өкілеттік берген субъект тіркеуші органға:

- қоса беріліп отырған үлгідегі (нөмірі 7 қосымшаны қараңыз) тіркеу туралы арыз;

- филиалды немесе өкілдікті есептік тіркеу үшін қажетті, белгіленген тәртіпте ресімделген (құжаттар тізбесі нөмірі 8 қосымшада көрсетілген) құжаттар пакетін:

- тіркеу үшін алымның төленгендігі туралы квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесін береді.

14.2. Ұсынылған құжаттардың дұрыс құрылғандығын және филиал немесе өкілдік туралы ереже мазмұнының республика заңдарына сәйкестігін тексеріп, тіркеуші орган (оларда кемшілік болмаған жағдайда) статистикалық карточка алу үшін (нөмірі 9 қосымшаны қараңыз) мемлекеттік статистика органына жолдама береді.

14.3. Статистикалық орган берген карточка оның дұрыс ресімделгендігін тексеруді жүзеге асыру міндетіне кіретін тіркеуші органға беріледі (статистикалық карточканы беру осы ереженің 11.3. тармағының ережелері бойынша жүзеге асырылады).

14.4. Статистикалық карточканы алған соң тіркеуші орган:

- заңды тұлға филиалын немесе өкілдігін есептік тіркеу туралы бұйрық шығаруға (бұйрықтың дайындау тәртібін осы ереженің 11.4. тармағынан қараңыз);

- тізбеге филиал немесе өкілдік туралы мағлұматтар енгізуге;

- заңды тұлға филиалын немесе өкілдігін есептік тіркеу туралы куәлік беруге (нөмірі 10, 11 қосымшаларды қараңыз);

- жасалған есептік тіркеу туралы 10 күн ішінде мемлекеттік статистика органдарына хабарлауға (нөмірі 12 қосымшаны қараңыз);

- құжаттардың бір-бір данасы бар, өкілетті адам тіркеуші органға берген істі ресімдеуге міндетті. Іс ресімделген соң филиал немесе өкілдік туралы ереженің түпнұсқасы өкілеттік берілген адамға қайтарылады.

15. Аумақтық әділет органы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің заңды тұлғаларды тіркеу бас басқармасына ай сайын заңды тұлғалардың тіркелген, қайта тіркелген және таратылған филиалдары мен өкілдіктерінің тізбесін тізбе нысанында жіберіп отыруға міндетті.

V. Заңды тұлғаны қайта тіркеу

16. Азаматтық кодекстің 42-бабының 6-тармағына сәйкес заңды тұлға мына жағдайда тіркеуге жатады: 1) жарғының қор мөлшері азайтылған; 2) атауы өзгертілген; 3) ашық акционерлік қоғамдарды қоспағанда, шаруашылық серіктестіктердегі қатысушылар құрамы өзгертілген жағдайда;

Бұған қоса, заңды тұлға ел қайта құрылған жекелеген жағдайларда қайта тіркелуге жатады (Азаматтық кодекстің 45-47-баптары). Заңдар қайта ұйымдастырудың бес түрін көздейді: бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу. Заңды тұлғаны қайта тіркеу ол қайта тіркеу жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайда, ал қосылу немесе бөлініп шығу жағдайларында шаруашылық серіктестік қатысушыларының құрамы (ашық акционерлік қоғамдарды қоспағанда) немесе заңды тұлға атауы өзгергенде, немесе оның жарғылық қоры азайтылғанда жасалады.

Біріктіру кезінде екі және одан көп заңды тұлғалар қызметі тоқтатылады, олардың негізінде тіркеуге жататын бір заңды тұлға құрылады. Өз қызметін тоқтатқан әрбір заңды тұлғаның мүліктік құқықтары мен міндеттері беру актісіне сәйкес жаңадан құрылған заңды тұлғаға ауысады. Жаңадан құрылған заңды тұлғаны тіркеуді жүзеге асыру кезінде әділет органы тізбеден өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғаларды алып тастауға міндетті, бұл жөнінде құрылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрықта көрсетіледі.

Қосылу кезінде бір және одан көп заңды тұлғалар тоқтатылады, оның базасында жаңадан құрылған осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген жағдайларда тіркеуге жататын заңды тұлға үлкейтіледі. Қосылған заңды тұлғалардың мүліктік құқықтары мен міндеттері беру актісіне сәйкес жаңадан құрылған заңды тұлғаға ауысады. Қосылған заңды тұлғалар тізбеден алынып тасталуға тиіс, бұл жөнінде мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрықта

көрсетіледі. Егер қосылу нәтижесінде заңды тұлға қайта тіркеуге жатпаса, онда тіркеуші орган қосылған заңды тұлғаны тізбеден алып тастауға міндетті. Бұйрықта қосылған заңды тұлғалардың толық атауын және оларды қосқан заңды тұлғаның толық атауын көрсету қажет.

Бөлу кезінде бір заңды тұлға тоқтатылады, оның базасында бір және одан көп заңды тұлғалар құрылады. Жаңадан құрылған заңды тұлғалар әділет органдарында тіркелуге тиіс. Бөлінуге тиіс заңды тұлғаның мүліктік құқықтары мен міндеттері бөлу балансына сәйкес жаңадан құрылған заңды тұлғаларға ауысады. Өз қызметін тоқтатқан заңды тұлға тізбеден алып тастауға жатады, бұл жөнінде жаңадан құрылған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы бұйрықтарда көрсетіледі.

Қайта құрылу нәтижесінде (бірігу, қосылу немесе бөліну) өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғаларды тізбеден алып тастау Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (жалпы бөлім) 50-бабы белгілеген тәртіптің сақталуын талап етпейді.

Өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғалардың тізбеден алынғандығы туралы әділет органы 10 күн мерзім ішінде статистика органдарына хабарлауға міндетті.

Бір заңды тұлға құрамынан бөлініп шығу кезінде екі және одан көп заңды тұлғалар құрылады, бұл жағдайда бастапқы заңды тұлғаның қызметі тоқтатылмайды. Қайта құрылудың бұл түрі осы тармақтың екінші абзацында аталған жағдайларда бастапқы заңды тұлғаның қайта тіркелуін талап етеді, ал бөлініп шыққан (жаңадан пайда болған) заңды тұлғалар мемлекеттік тіркелуге тиіс. Қайта құрылған заңды тұлғаның мүліктік құқықтары мен міндеттері бөлу балансына сәйкес одан бөлінген әрбір заңды тұлғаға ауысады.

Қайта құрылған заңды тұлға өзінің ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертеді. Заңды тұлға ол қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайда қайта тіркеуге жатады, бұл жағдайда тіркеуші органға беру актісі ұсынылады.

17. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу төмендегі тәртіпте жасалады:

17.1. Заңды тұлға тіркеуші органға мыналарды ұсынады:

- қоса беріліп отырған үлгідегі заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы арыз (нөмірі 13 қосымшаны қараңыз);

- өкілетті органның құрылтай құжаттарға өзгертулер (толықтырулар) енгізу туралы шешімі;

- енгізілген өзгертулері (толықтырулары) бар құрылтай құжаттар. Бұл жағдайда өзгертулер мен толықтырулар енгізу екі жолмен ресімделе алады: жаңа редакциядағы құрылтай құжаттар жасау не өзгертулерді (толықтыруларды) бұрынғы құрылтай құжаттарға қосымша түрінде ресімдеу жолымен.

- заңды тұлғаның бұрынғы құрылтай құжаттары және статистикалық карточкасы (түпнұсқалар);

- мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің түпнұсқасы;
- қайта тіркеу үшін алымның төленгендігі туралы квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

Құжаттардың аталған тізбесі барлық қайта тіркеуден өту жағдайларында беріледі.

17.2. Қайта тіркеу негізіне қарай, заңды тұлға тіркеуші органға Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа құжаттар беруге тиіс. Атап айтқанда, шаруашылық серіктестік құрамынан шығу жағдайында (ашық акционерлік қоғамдарды қоспағанда), шығып жатқан қатысушының тиісті түрде ресімделген арызы беріледі (қатысушы-заңды тұлғаның арызына оның бірінші басшысы қол қояды және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылады, қатысушы-жеке тұлғаның арызына ол өзі қол қояды және нотариалды тәртіпте куәландырылады). Жауапкершілігі шектеулі серіктестік оның жарғылық қорының азаюына байланысты қайта тіркелген жағдайда, бұл жөнінде барлық кредит берушілерге жазбаша түрде хабарланғандығы және құрылтай құжаттарда мәлімденген жарғылық қордың бұрынғы мөлшерін қалыптастыру туралы құжаттар беру қажет. Заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда, тіркеуші органға тармақта аталған құжаттардан басқа, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқық мұрагерлігі туралы ережелер (мәліметтер) көрсетілген беру актісі немесе бөлу балансы беріледі.

17.3. Құжаттар берілген соң тіркеу органы:

- ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын;
- құжаттардың дұрыс құрылғандығын және ресімделгендігін;
- заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкестігін тексеруге міндетті.

17.4. Статистикалық карточка берілген соң тіркеуші орган, оның дұрыс ресімделгендігін тексеріп:

- қолданып жүрген заңдар бұзылмаған жағдайда, осы ереженің 11.4. тармағында жазылған тәртіпке сәйкес заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы бұйрық шығаруға;

- тізбеге заңды тұлға жаңа мағлұматтар енгізуге;
- заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы куәлік беруге (нөмірі 14,15 қосымшаларды қараңыз);

- іске бұрынғы құрылтай құжаттардың (егер заңды тұлға қайта тіркелу кезінде жаңа құрылтай құжаттар берсе) және статистикалық карточканың бірінші даналарын тігуге;

- істі жаңа құрылтай құжаттармен не бұрынғы құжаттарға қосымша түрінде ресімделген құрылтай құжаттарға енгізілетін өзгертулермен және толықтырулармен, сондай-ақ статкарточкамен және заңды тұлғаның басқа

құжаттарымен толықтыруға. Іс ресімделген соң құрылтай құжаттардың түпнұсқалары өкілетті адамға қайтарылады;

- 10 күн ішінде мемлекеттік статистика органдарына жасалған заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы хабарлауға міндетті (нөмірі 6 қосымшаны қараңыз);

17.5. Оның құрамына шетелдік қатысушының кіруіне немесе шығуына байланысты шаруашылық серіктестікті қайта тіркеуді жүзеге асырған кезде шетел қатысатын серіктестіктердің Әділет министрлігінде тіркелуге (қайта тіркелуге) тиіс екендігінен және олар туралы мағлұматтар министрліктің заңды тұлғаларды тіркеу бас басқармасы жүргізетін заңды тұлғалар тізбесіне енгізілетіндігінен туындайтын ерекшеліктерді ескерту қажет.

Азаматтық әділет басқармасы тіркелген шаруашылық серіктестік құрамына шетелдік қатысушы кірген жағдайда ол Әділет министрлігінде қайта тіркелуге тиіс. Министрліктің жазбаша сұрау салуы негізінде аумақтық орган серіктестіктің құжаттарын Заңды тұлғаларды тіркеу бас басқармасына жібереді. Серіктестікті қайта тіркеу жүзеге асырылған соң бұйрық көшірмесі серіктестікті ол бұрын тіркелген (қайта тіркелген) жердегі заңды тұлғалар тізбесінен алып тастау үшін аумақтық органға жіберіледі.

Әділет министрлігі тіркеген шаруашылық серіктестік құрамынан шетелдік қатысушы шыққан жағдайда ол аумақтық әділет басқармасында қайта тіркелуге тиіс. Аумақтық органның жазбаша түрде сұрау салуы негізінде министрлік серіктестіктің құжаттарын облыстық (қалалық) әділет басқармасына жібереді. Облыстық (қалалық) әділет басқармасы бұйрығының көшірмесі Әділет министрлігіне жіберілуге тиіс. Аталған бұйрықтың негізінде министрлік тіркеген серіктестік туралы мағлұматтар заңды тұлғалар тізбесінен алынып тасталады.

18. Заңды тұлғаны қайта тіркемей заңда көзделген негіздер бойынша құрылтай құжаттарға енгізілген өзгертулер жарамсыз болып табылады.

Заңды тұлғаны қайта тіркемей қызметті жүзеге асыру Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген жағдайларда лауазымды адамдарға ең төмен еңбекақының жиырма еседен қырық есеге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеледі (Қазақ КСР-нің Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 169-3 бабы), ал осыдан алынған кірістер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес республикалық бюджет кірісіне алынуға тиіс.

19. Заңды тұлғалар құрылтай құжаттарға оларды енгізу қайта тіркеуге әкелмейтін және алым алусыз жүзеге асырылатын басқа мағлұматтардың өзгеруі туралы хабарлауға міндетті (орналасқан жерінің, басқарушы орган құрамының, басшының, телефон, телекс нөмірінің және басқалардың өзгеруі). Бұндай өзгертулер мен толықтырулар құрылтай құжаттарға енгізілген жағдайда заңды

тұлға бұл туралы тіркеуші органға бір ай мерзімде хабарлайды.

20. Заңды тұлғаны қайта тіркеуге әкелмейтін, оның құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу төмендегі тәртіпте жүзеге асырылады:

20.1. Заңды тұлға тіркеуші органға:

- өз еркінше жазылатын арыз;
- құрылтай құжаттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның шешімін;
- заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды ұсынады (екі данада). Өзгертулер мен толықтырулар заңды тұлға шешімінде жазыла алады, бұл жағдайда шешім екі данада беріледі. Егер құрылтай құжаттар заңға сәйкес нотариалды куәландыруға тиіс болса, онда оған енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар нотариалды тәртіпте куәландырылуға тиіс.

20.2. Аталған құжаттарды алған соң тіркеу органы:

- олардың дұрыс құрылғандығын және енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың республика заңдарына сәйкестігін тексеруге;
- кемшіліктер болмаған жағдайда құрылтай құжаттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрық шығаруға;
- тізбеге заңды тұлға туралы жаңа мағлұматтарды енгізуге (тізбеде тиісті бағандар болған жағдайда);
- іске заңды тұлға берген құжаттарды тігуге. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар мәнінің түпнұсқасы өкілетті органға қайтарылады;
- 10 күн ішінде мемлекеттік статистика органдарына заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар туралы хабарлауға міндетті (нөмірі 16 қосымшаны қараңыз).

20.3. Заңды тұлғаның орналасқан жерінің бір облыстан басқа облысқа ауысуына байланысты құрылтай құжаттарға өзгертулер енгізілген жағдайда, аумақтық тіркеу органы бұйрық шығарылғанға дейін қосымша мына әрекеттерді жасауға міндетті:

- заңды тұлғаның құжаттарын оның бұрын орналасқан жеріндегі әділет органынан сұратуға;
- статистикалық карточка алу үшін заңды тұлғаның жаңадан орналасқан жеріндегі статистика органына жолдама беруге;

Құрылтай құжаттарға өзгертулер енгізу туралы бұйрық шығарылған соң тіркеуші орган:

- тізбеге заңды тұлға туралы мағлұматтарды енгізуге;
- оның жаңадан орналасқан жерін көрсетіп заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік беруге;

- бұрынғы куәлікті және статистикалық карточканы (түпнұсқаларын), сондай-ақ жаңадан берілген құжаттарды іске тігуге;
- 10 күн ішінде мемлекеттік статистика органына жаңа куәліктің берілгендігі жөнінде хабарлауға (нөмірі 17 қосымшаны қараңыз);
- бұйрық көшірмесін заңды тұлғаның бұрын орналасқан жеріндегі әділет органына жіберуге міндетті. Алынған бұйрық көшірмесі негізінде әділет органы бұрын тіркелген заңды тұлға туралы мәліметтерді заңды тұлғалар тізбесінен алып тастайды. Бұрын заңды тұлға орналасқан жердегі әділет органы 10 күн мерзім ішінде мемлекеттік статистика органына аталған заңды тұлғаның облыс аумағындағы қызметінің тоқтатылғандығы туралы хабарлайды.

VI. Заңды тұлға филиалын, өкілдігін қайта тіркеу

21. Азаматтық Кодекстің 42-бабының 4-тармағына сәйкес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері атауларын өзгерткен жағдайда қайта тіркелуге тиіс.

22. Заңды тұлға филиалын, өкілдігін қайта тіркеу осы ереженің 17.1., 17.3., 17.4. тармақтарында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады. Филиалға, өкілдікке есептік қайта тіркеу туралы куәлік беріледі (нөмірі 18-21 қосымшаларды қараңыз).

23. Заңды тұлғаның қайта тіркелуіне әкелмейтін оның филиалы, өкілдігі

туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу осы ереженің 20.1.-20.3. тармақтарында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

VII. Тіркеу туралы куәлік көшірмесін беру

24. Заңды тұлғаның, оның филиалының немесе өкілдігінің арызы бойынша тіркеуші орган 7 күн ішінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін береді.

Заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік көшірмесін беру үшін Үкімет белгілеген тәртіпте және мөлшерлерде алым алынады.

VIII. Заңды тұлғаның таратылуын тіркеу

25. Заңды тұлғаның таратылуын тіркеу төмендегі тәртіпте жүзеге

асырылады:

25.1. Заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған өкілетті орган (ҚР АҚ 49-бабының 1 тармағы және 50-бабының 1-тармағы) тиісті тіркеуші органға мына құжаттарды береді:

- заңды тұлғаны тарату туралы (соттың, өкілетті органның, заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің және т.б.) шешімнің көшірмесін;
- құрылтай құжаттардың және статистикалық карточканың түпнұсқаларын;
- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы куәлікті;
- заңды тұлғаның таратылуы туралы мәліметтердің жарияланғандығын растайтын және кредиторлардың наразылықтар мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы құжат. Заңды тұлғаны тарату, сондай-ақ оның кредиторларының наразылық мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми басылымдарында жариялануға тиіс.

25.2. Осы ереженің 25.1. тармағында аталған құжаттарды, сондай-ақ салық инспекциясы органының бюджет алдында қарыздың жоқтығы туралы қорытындысын, банкінің есепшоттарды табу туралы анықтамасын және милиция органының заңды тұлға мөрі мен мөртаңбаларының тапсырылғандығы туралы анықтамасын алған соң, тіркеуші орган тізбеге тиісті жазуды енгізеді және статистика органдарына заңды тұлғаның тарату процесінде екендігін хабарлайды (нөмірі 22 қосымшаны қараңыз);

25.3. Тіркеу органы тарату өндірісінің аяқталу немесе тарату балансын беру сәтінен бастап 10 күнге дейінгі мерзімде (ҚР АҚ 50-бап);

- Қазақстан Республикасының заңдарында және заңды тұлғаның жарғысында көзделген тарату тәртібінің сақталуын тексеруге;

- тарату тәртібінің сақталу жағдайында тізбеге заңды тұлғаның қызметін тоқтату туралы мәліметтерді енгізу туралы бұйрық шығаруға. Заңды тұлғаны таратудың белгіленген тәртібінің бұзылғандығын айқындау кезінде тіркеу органы тіркеуден бас тарту туралы бұйрық шығарады;

- тізбеге заңды тұлғаның қызметін тоқтату туралы жазу енгізуге;

- құрылтай құжаттары мен статистикалық карточкалардың түпнұсқаларын әділет органының архивіне өткізуге;

- статистика органдарын заңды тұлғаның таратылуы аяқталғандығы туралы хабардар етуге міндетті (нөмірі 23 қосымшаға қараңыз).

IX. Мемлекеттік тіркеу мерзімдері.

Тіркеуден бас тарту

26. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі қажетті құжаттарды қоса бере отырып, арыз беру күнінен бастап 15 күннен кешіктірмей жасалуға тиіс. Бұл мерзімге статистика органдары беретін статистикалық карточка ресімделетін уақыт қосылмайды.

27. Құжаттардың толық емес пакетін беру, оларды қарау барысында айқындалған ондағы кемшіліктердің болуы, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажеттілігі кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өре негіздер бойынша мемлекеттік тіркеу мерзімі тоқтатылады.

28. Заңды тұлғаны, оның филиалын немесе өкілдігін мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тартуға оларды құрудың заңмен белгіленген тәртібінің бұзылуы немесе олардың құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеуі жағдайларында жол беріледі.

29. Тіркеуден бас тартылған не тіркеу мерзімі үзілген жағдайда әділет органы , нақты заңның (оның нақты бабының) бұзылуына сілтемесі бар бұйрық шығарады. Мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тартылған кезде құрылтайшыларға мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін төленген алым қайтарылмайды. Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін берілген құжаттар қайтаруға жатпайды.

Х. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметті Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдары арасында анықтап айыру

30. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу жөніндегі аумақтық әділет органдарының қызметіне әдістемелік басшылық етуді;

- заңды тұлғалардың және Әділет министрлігі аумақтық органдарының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі заң актілері мен осы Ереженің талаптарын сақтауын қадағалауды;

- мынадай заңды тұлғалардың тіркелуін: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан шетел қатысатын кәсіпорындардың; шетел қатысатын қоғамдық қорлардың; шетел қатысатын қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестіктерінің; республиканың және аймақтың мәртебесі бар қоғамдық бірлестіктердің; республиканың екі және одан да көп облыстарының аумағында қызмет етіп жүрген діни басқармалардың (орталықтардың), бірлестіктердің, сондай-ақ солар құратын діни оқу орындарының, монастырлер мен басқа бірлестіктердің;

- аумақтық әділет органдарынан құрылған, қайта құрылған және тартылған заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпаратты қабылдауды;

- Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің бірегей мағлұматтар банкін құруды;

- өз ресми баспа органында Қазақстан Республикасының аумағында құрылған, қайта құрылған және таратылған заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің тізімін квартал сайын жариялауды;

- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша оның аумақтық органдарының әрекеттеріне деген шағымдарды қарауды жүзеге асырады.

31. Әділет министрлігінің аумақтық органдары: тіркелуге жататындардан басқа, құрылған, қайта құрылған және таратылған заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеуді;

- Қазақстан Республикасының тиісті облысы бойынша тізбе жүргізуді;

- ақпаратты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне беруді жүзеге асырады.

32. Әділет органдары заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпаратты (қызмет немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда) шартты негіздерде мүдделі адамдарға беруді жүзеге асыруға құқылы (Қазақстан Республикасы Президентінің, заң күші бар, "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Жарлығының 2-б.).

Қазақстан Республикасы Әділет

Министрлігі органдарының заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы ережеге
N 1 Қосымша

Заңды тұлғаны тіркеуді жүзеге асыратын

органның аты

Өтініш

Құрылтайшының не оның өкілінің фамилиясы, аты-жөні,

тұрақты тұратын жері

заңды тұлғаны құру туралы шешім

_____ құры.
(жиналыс хаттамасы)

_____ тіркеуге ұсына
заңды тұлғаның аты
Қызметінің негізгі түрлері _____

Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық нысаны _____

Меншік түрі _____

Заңды тұлғаның орналасқан жері (мекен-жайы) _____

Өтініш беруші

_____ ҚОЛЫ
19 __ ж. " __ " _____

Қазақстан Республикасы Әділет

Министрлігі органдарының заңды

тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
тәртібі туралы ережеге
N 2 Қосымша

Субъектілерді заңды тұлғалар ретінде тіркеу үшін солар беретін құжаттардың тізбесі

I. Шетел қатыспайтын заңды тұлғалар беретін құжаттардың тізбесі

1. Мемлекеттік кәсіпорындар:

1.1. Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорын:

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтайшы (өкілеттенген орган) бекіткен жарғы;
- өкілеттенген мемлекеттік органның кәсіпорынды құру туралы шешімі;
- жарғылық қордың құрылуын растайтын құжат;
- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжат;
- тіркеу үшін ақы төлегендігі туралы түбіртек немесе төлем

тапсырмасының көшірмесі.

1.2. Оперативтік басқару құқығына негізделген кәсіпорын (қазыналық кәсіпорын):

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтайшы (өкілеттенген орган) бекіткен жарғы;
- Үкіметтің немесе жергілікті атқару органының кәсіпорынды құру

туралы шешімі;

- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжат;
- тіркеу үшін ақы төлегендігі туралы түбіртек немесе төлем

тапсырмасының көшірмесі.

2. Шаруашылық серіктестіктер:

2.1. Толық серіктестік:

- тіркеу туралы арыз;

- құрылтай жиналысының белгіленген тәртіпте куәландырылған хаттамасы;
- құрылтайшылар бекіткен жарғы;
- құрылтай шарты;
- құрылтайшылар паспорттарының ксерокөшірмелері;
- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжат;
- тіркеуге ақы төлегендігі туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

2.2. Командит серіктестігі:

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтай жиналысының белгіленген тәртіпте куәландырылған хаттамасы;
- құрылтайшылар бекіткен жарғы;
- құрылтай шарт;
- егер жарнашылардың біреуі мемлекеттік кәсіпорын болып табылса, онда меншік иесінің немесе сол өкілеттік берген органның осыған деген келісімі беріледі;

- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжат;
- тіркеуге ақы төлегендігі туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

2.3. Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік:

- тіркеу туралы арыз;

- құрылтай жиналысының (құрылтайшылардың саны бірден көп болған

жағдайда) белгіленген тәртіпте куәландырылған хаттамасы;

- құрылтайшы(лар) бекіткен жарғы;
- (құрылтайшылардың саны бірден көп болған кезіндегі) құрылтай шарты;
- банк депозитіне құрылтай құжаттарда көрсетілген жарғылық қордың кемінде 25% енгізгендігі туралы банк анықтамасы, не құрылтайшылардың жарнасын ақшалай бағалау жөніндегі тәуелсіз аудиторлық тексеру өткізу туралы құжат;

- егер құрылтайшылардың біреуі мемлекеттік кәсіпорын болып табылса, онда меншік иесінің немесе сол өкілеттік берген органның осыған деген келісімі беріледі;

- құрылтайшы-заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің және

статистикалық карточкасының нотариалды куәландырылған көшірмелері;

- құрылтайшы-жеке тұлға төлқұжатының ксерокөшірмесі;
- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжат;
- тіркеуге ақы төлегендігі туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының

көшірмесі.

2.4. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік:

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтай жиналысының куәландырылған хаттамасы белгіленген тәртіпте (құрылтайшылардың саны бірден көп болған кезде);

- құрылтайшы(лар) бекіткен жарғы;
- (құрылтайшылардың саны бірден көп болған кездегі) құрылтай шарт;
- банк депозитіне құрылтай құжаттарда көрсетілген жарғылық қордың кемінде 25% енгізгендігі туралы банк анықтамасы, не құрылтайшылардың жарнасын ақшалай бағалау жөніндегі тәуелсіз аудиторлық тексеру өткізу туралы құжат;

- егер құрылтайшылардың біреуі мемлекеттік кәсіпорын болып табылса, онда меншік иесінің немесе өкілеттік берген органның осыған деген келісімі беріледі;

- құрылтайшы-заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің және статистикалық карточкасының нотариалды куәландырылған көшірмелері;

- құрылтайшы-жеке тұлға төлқұжатының ксерокөшірмесі;
- статистика органдары беретін статистикалық карточка;
- заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжат;
- тіркеуге ақы төлегендігі туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

2.5. Акционерлік қоғам (ашық және жабық):

- тіркеу туралы арыз;
- құрылтайшы (құрылтай жиналысы) бекіткен жарғы;
- (құрылтайшылардың саны бірден көп болған кездегі) құрылтай шарт;

- құрылтай жиналысының (құрылтайшылардың саны бірден көп болған кездегі) белгіленген тәртіпте куәландырылған хаттамасы;

- банк депозитіне құрылтай құжаттарда көрсетілген жарғылық қордың кемінде 50% енгізгендігі туралы банк анықтамасы, не құрылтайшылардың жарналарын ақшалай бағалау жөніндегі тәуелсіз аудиторлық тексеру өткізу туралы құжат;

- егер құрылтайшылардың біреуі мемлекеттік кәсіпорын болып табылса, онда меншік иесінің немесе сол өкілеттік берген органның соған деген келісімі беріледі;

